

қ а м т а м а с ы з

е т с і н :

1) жылу көздерін, жылу энергиясы мен газды тасымалдау және тұтыну жүйелерін уақытылы дайындау, сондай-ақ алдағы жылу маусымында тұтынушыларды тұрақты түрде жылумен және газбен жабдықтау;

2) пәтер иелері кооперативтерінің жылыту және газбен жабдықтау жүйелерін алдағы күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындау бойынша жөндеу-профилактикалық шараларды жүргізу жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру;

3) бюджеттен қаржыланатын ұйымдар мен тұрғын үйлерді жылу энергиясын, суық және ыстық суды, газды есептеу құралдарымен жарақтандыруды ұйымдастыру;

4) қажетті запас жасай отырып, осы өнім берушілермен бүкіл жылыту кезеңінде қатты және сұйық отын мен газ беру жөнінде келісім-шарт жасасу;

5) үстіміздегі жылдың III тоқсанының ішінде Қазақстанның энергия өндіретін ұйымдарымен және шетел энергия өндірушілерімен, сондай-ақ "Энергия жүйелерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамымен облыстың тұтынушыларын электрмен жабдықтау үшін облыстарға электр энергиясын жетпей тұрған мөлшерінде беру жөнінде қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген шарттар ж а с а с у д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

6) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып, үстіміздегі жылдың қыркүйегіне дейін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің 1996-1998 жылдары пайдаланылған электр энергиясы үшін пайда б о л ғ а н б е р е ш е к т е р і н ө т е у ;

7) алдағы күзгі-қысқы кезеңде жылумен үздіксіз жабдықтау мақсатында жылыту маусымы басталғанға дейін коммуналдық және ауыл шаруашылығы жылыту қазандықтары мен жылумен қамтамасыз ету жүйелерін жөндеу, сондай-ақ көрсетілген қазандықтар мен халық үшін отынды жеткілікті көлемде дайындау, ал Алматы қаласы және Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары үшін Полторацкое және Ақыртөбе газ қоймаларын газбен толтыру;

8) пайдаланылған отын мен энергия үшін берешекті өтеуі және олардың алған отын-энергия ресурстарына уақытылы ақы төлеуі үшін бюджеттік ұйымдарды қ а р ж ы л а н д ы р у .

3. Қазақстан Республикасының өндірістік және әлеуметтік кешенін күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындауды жедел ұйымдастыру және бақылау жөніндегі р е с п у б л и к а л ы қ ш т а б құ р ы л с ы н .

Республикалық штабқа басшылық жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі М.Қ.Әблязовқа жүктелсін.

4. "Электр жүйелерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамына энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен шарттар жасасудың негізінде Қазақстан энергетика жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін ең жоғары жүктеме сағаттарында қуат резервін жасау мәселесін қарау ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемәнергияқадағалауы энергия көздерін, электр мен жылу энергиясын тасымалдау тораптарын 1998/99 жылғы күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындауға бақылау орнатсын және ай сайын Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне ақпарат ұсынатын б о л с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен бірлесе отырып, 1998/99 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде Қапшағай су электр станциясы мен Ертіс су электр станциялары каскадының экономиканың барлық салалары мен экологиялық қауіпсіздіктің талаптарына жауап беретін пайдалану ережелеріне сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

7. Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар облыстарының әкімдері 1998 жылдың 1 қазанына дейін Ертіс, Іле және Сырдария өзендерінің су жайылуы ықтимал аймақтарынан мал азығының запастарын әкетуді қамтамасыз етсін.

8. Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері үстіміздегі жылдың 1 тамызынан бастап айына екі рет Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне, кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлау үшін осы қаулының

орындалу барысы туралы ақпарат беретін болсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі М.Қ.Әблязовқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі